

Ө.И. Исенов<sup>1</sup> , А.И. Құдайбергенова<sup>2\*</sup> 

<sup>1</sup>А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан, Қостанай қ.

<sup>2</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы қ.

\* e-mail: akudaybergen@mail.ru

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ПЕН БОСҚЫНШЫЛЫҚ (1920 ж. соңы – 1930 ж. басы)

Мақалада архивтік деректер негізінде Қазақстандағы 1928-1933 жылдардағы ашаршылық пен ашаршылықтан Қазақстанның өз ішінде және көрші мемлекеттерге ауа көшкен қазақ босқындарының жайы қарастырылады. Кеңес билігінің халыққа салған астық және ет салығының салдарынан Қазақстандағы мал басының күрт жойылып, ет пен сүт тағамдары өнімдерінен айырылған қазақ халқының аштыққа ұшырап қынадай қырылуына әкеліп соқты. Аштықтан аман қалудың амалын іздеп, ауа көшкен жүз мыңдаған қазақ босқынға айналып, тағдыр тәлкегіне түсті. 1928-1933 жж. аралығында ашаршылықтың құрбанына айналған халқымыз ұлттық мәдениетінен айырылып, әлеуметтік жағдайы оңалмастай құлдырағаны деректер негізінде сараланады.

Маңғыстау түбегін мекендеген қазақтардың, 1930 жылдары кеңес билігінің жазалауынан қашқан бай, молдалар мен аштық кезіндегі босқындардың Түрікменстан арқылы Каспий теңізінің жағалауынан өтіп, Иран жеріне қадам басқан аймағы «Мазандаран» провинциясы деп аталатын. Жылдар өткен соң қазақтар негізінен аталған провинцияның Горган, Бәндәр, Түрікмен және Гомбәд-е Кауыс атты қалаларынан шеткері жағына, жергілікті тұрғындардан оқшау жерге қоныстанды. Осы елді мекенді түрікмендер «қазақ ауылы» атаған. Ол ауылдар уақыт өте келе аталған қалаларға қосылып шаһар аумағымен бірігіп кеткендігі де айтылады.

Мақалада Қазақстаннан ауа көшкен босқындардың іргелес жатқан Ресейге, Қырғызстан, Өзбекстан Түрікменстанға Иранға, Ауғаныстанға, Қытайға кетулерінің себептері мен босқындардың өзге елге жетіп аман қалғандарының күн көрісі мен сол жерлерге бейімделулерінің тарихы талданады.

**Түйін сөздер:** күштеп ұжымдастыру, ет дайындау, босқыншылық, ашаршылық, ауа көшкендер, Қазақстан тарихы, демографиялық апат.

O.I. Issenov<sup>1</sup>, A.I. Kudaibergenova<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>Kostanay regional University named after A. Baitursynov, Kazakhstan, Kostanay

<sup>2</sup>Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: akudaybergen@mail.ru

### Famine and evacuation in Kazakhstan (late 1920s-early 1930s)

On the basis of archival data, the article examines the situation of Kazakh refugees who migrated from the famine and Holodomor of 1928-1933 within Kazakhstan and from Kazakhstan to neighboring countries. As a result of the meat tax imposed by the Soviet government on the population, the number of livestock in Kazakhstan sharply decreased, which led to starvation and death of millions of Kazakh people, who were deprived of means of subsistence (consisting mainly of meat and dairy products). In search of a way to survive, hundreds of thousands of Kazakh nomads, who migrated from places inhabited for centuries, fell into the trap of fate, becoming refugees. The data presented in the article once again confirm that our nation, who were victims of the famine of 1929-1933, lost their national culture, and their social situation worsened.

The rich, mullahs and hunger refugees – Kazakh refugees who previously inhabited the Mangistau peninsula, migrated through Turkmenistan along the coast of the Caspian Sea, fled from the punishment of the Soviet government in the 1930s and famine to the territory of Iran called “Mazandaran”.

After years of settlement, villages where Kazakhs mostly settled nearby cities of the province – Gorgan, Bunder, Turkmen and Gombad-i-Kaus, secluded from the local population, the Turkmens called “Kazakh village”. Eventually, these villages merged with the mentioned cities and joined the territory of the city.

The article analyses the reasons for the migration of refugees from Kazakhstan to neighboring countries such as Russia, Kyrgyzstan, Uzbekistan, Turkmenistan, Iran, Afghanistan and China, also history of the survival and adaptation of refugees in other countries.

**Key words:** forced collectivization, meat tax, refugee, famine, hunger strikers, history of Kazakhstan, demographic catastrophe.

У.И. Исенов<sup>1</sup>, А.И. Кудайбергенова<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Казахстан, г. Костанай

<sup>2</sup>Институт истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: akudaybergen@mail.ru

### **Голод и откочевки в Казахстане (конец 1920 – начало 1930-х гг.)**

На основе архивных данных в статье рассматривается положение казахских беженцев, мигрировавших от голода 1928-1933 годов внутри Казахстана и из Казахстана в соседние государства. В результате хлебо- и мясозаготовок, введенных советской властью для населения, поголовье скота в Казахстане резко сократилось, что привело к голоду и гибели миллионов казахского народа, который был лишен средств пропитания (состоящих в основном из мясных и молочных продуктов). В поисках способа выжить сотни тысяч казахов-кочевников, откочевавших из насиженных веками мест, попали в ловушку судьбы, став беженцами. Данные, приводимые в статье, еще раз утверждают о том, что наш народ, ставший жертвой голода 1929-1933 годов, утратил национальную культуру, а его социальное положение ухудшилось.

Территория Ирана, куда через Туркменистан по побережью Каспийского моря укочевали казахи-беженцы, ранее населявшие полуостров Мангистау, – богатые, муллы, бежавшие от наказания советской власти в 1930-годы и голодобеженцы, называлась провинцией «Мазандаран».

Спустя годы поселение, которое находилось на периферии этих городов провинции, как Горган, Бундар, Туркмен и Гомбад-и-Каус, где в основном поселялись казахи, уединяясь от местного населения, туркмены называли «Казахской деревней». Говорят, что эти деревни в конечном итоге присоединились к территориям упомянутых городов.

В статье анализируются причины откочевки беженцев из Казахстана в соседние Россию, Кыргызстан, Узбекистан, Туркменистан, Иран, Афганистан и Китай, а также история выживания и адаптации беженцев в других странах.

**Ключевые слова:** насильственная коллективизация, мясозаготовка, беженцы, голод, голодомор, история Казахстана, демографическая катастрофа.

### **Кіріспе**

Аштықтың себебі мен салдарына келсек, біріншіден, Кеңес Одағы тарихындағы, оның ішінде Қазақстан тарихындағы, кеңестік қызыл империяның үдемелі индустрияландыру, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатын күштеп жүргізуі. Қазақстанда Кеңес өкіметінің бұл терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістері бай шаруашылықтарын тәркілеумен (1928 ж.), ауқатты шаруалар мен кулактарын тап ретінде жоюдан басталды.

Қазақстандағы байларды кәмпескілеу туралы архив деректері бойынша кей құжатта 285712 бас тек қана ірі қара мал жинап аламыз деген кеңес үкіметінің жоспары болған. Нәтижесінде алғашқы тәркілеу кезінде 142737 бас мал (кей құжаттарда 108457, 125733 және 143037 бас) 108 ағаш үй, 513 қыстау, 195 киіз үй, 324 тарантас (атқа жегілетін екі доңғалақты жеңіл арба – *Авт.*) 180 шана 241 арба 740 кілем, 912 жаңа киіз тағы басқа мүліктер тәркіленгені хатталған.

Кеңес үкіметінің солақай саясатының құрбанына айналарын білген қазақ байлары мен дін өкілдері – имам, молда, ишандар кеңес өкіметінің салған азап пен ажал құрығынан ата-қонысты тастап көшіп кету арқылы құтылу мүмкін екендігін түсінді. Олар көшіп кету арқылы өздерінің кеңес өкіметінің солақай саясатына қарсылық көрсету амалын ұстанды.

Қоныс аударудың бірінші түрі, басым көпшілігінде, Қазақстанның шекаралық аймақтарында болды. 1930 жылдың жазында бұрынғы Семей округінің Тарбағатай және Зайсан аудандарынан Қытайға 60-қа жуық шаруашылық қоныс аударды. Ауа көшіп қоныс аудару көбіне көктем-жаз мезгілінде жүзеге асырылған. Өйткені жыл мезгілінің күз-қыс айларында тау асуларынан өту малға да, адамға да өте қауіпті болатын. Яғни, жаппай ауа көшіп, шекара асу көктем мен жаз айларында қолайлы болған. Ауа көшу көлемі артқан соң, Кеңес билігі босқындарды шекарадан ары өткізбеу, кері қайтару шараларын жүргізді. Мысалы, 1930

жылы ОГПУ құжаттарына сүйенсек, барлығы Қазақстан аумағынан тау асып, Қытай жеріне өтпек болған босқындардан, шекара асуларынан ету кезінде 10 636 адам ұсталған. 1931 жылдың алғашқы екі тоқсанында шекара аспақ болғанда ұсталған адамдардың саны 15 мыңға жеткен. Кеңес Үкіметі аштыққа ұшыраған ауылдарға көмек көрсетпек түгел, олардың шетел асып жұмыс іздеп, нәпақа тауып аман қалуды ойлаған амалдарының жүзеге асыруларына жол бермей, ажал аузына айдады.

Қазақстандағы аштықтың басты себебінің бірі – ет дайындау компаниясын жүргізу болды. Оған себеп болған, КСРО-ның индустрияландыру саясатын жүзеге асыруға шешім қабылдауы. Ол үшін Ресейде жаңа зауыт-фабрикалар салу көзделді. Өйткені кеңес үкіметі батыстағы бақталас капиталистік елдерді қуып-жеткісі келіп, осы индустрияландыру саясатын жүзеге асыруды қолға алды. Өйткені компартия шеткері аймақтарға ешқашан сенген емес. Оларда жұмыс күші жоқ, маман жұмысы жоқ деп ойлады. Қазақстанды жайлаған аштықтан аман қалу үшін ата қоныс мекендерін тастап ауа көшкен босқындар тарихына кезек берейік.

Қазақстандағы 1928 жылғы ұжымдастыру саясаты мен 1929 жылғы дәстүрлі көшпелілік мал шаруашылығымен айналысатын қазақты күштеп отырықшыландыру саясатымен қатар жүрген 1928-1930 жылдардағы ашаршылық себебінен Қазақстанның өз ішінде және көрші мемлекеттерге ауа көшкен қазақ босқыншылығының саяси-экономикалық себептері бір қатар зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылды.

Архив құжаттары да ашаршылық кезінде ауа көшкен босқындар тарихын терең ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, Маңғыстау өңірінде 1928 жылдың 4 тамызында-ақ аш адамдардың тізімі жасалып, оған аштықпен қарсы күрес комиссиясының төрағасының аты-жөні жазылып, тіркелген құжаттан жұмыс іздеп, босқан аш адамдардың Ресейдің Қазақстанмен іргелес Астрахань қаласына жұмыс іздеп босып барғандардың болғанын көреміз. Яғни бұл құжат Маңғыстау түбегінде 1928 жылдың өзінде аштық күшейіп, аштықтан адамдардың көрші мемлекеттерге жұмыс іздеген откочевниктердің (босқындардың) болғанын дәлелдейді (Маңғыстау МОМ. 17-қор., 1-тізбе, 115 іс.).

Адай уезінен 1929-1930 жылдар аралығында шамамен 20 000 отбасы ата қонысынан ауа көшіп, Түрікменстанға барды. Түрікменстан жеріне қашып барған байлар мен ашаршылық босқындарын күштеп кері қайтару үшін, Кеңес

Үкіметі тарапынан құрылған арнайы комиссиялар жіберілді. Қазақстанға кері қайтқысы келмеген босқындар ұлтын өзгертіп қарақалпақ болып жазылған.

Америкалық тарихшы Сара Кэмерон зерттеуінде: Сталиннің модернизацияның ең қайғылы салдары ретінде танылған Қазақ ашаршылығының тарихы қоғамдық немқеттілікке қалай ұшырады? Бұл ішінара Украина, Қазақстан, Еділ алабы, Дон және Кубань аймақтарына алапат ашаршылық әкелген ұжымдастыру науқанының негізінен «шаруалар мәселесі» деп қарастырылуынан туындаған. 1929 жылы Иосиф Сталин алғашқы бесжылдық жоспарын – Кеңес Одағын индустрияландыруға және капиталистік Батысты «қуып жетуге» бағытталған түбегейлі жобасын ұсынды. Бұл модернизациялық жаңғырту жобасының іргетасы – ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мәселесі болатын. Мәскеу ауыл тұрғындарын өздерінің жерлері мен мал-мүлкінен бас тартып, ұжымдық шаруа қожалықтарына енуге мәжбүрлеу арқылы, азық-түлікпен қамтамасыз ету процесін бақылауды күшейтіп, Кеңес Одағындағы ет, астық, әсіресе бидай өндірісін тез арада дамыта қоюды көздеді. Ұжымдастырылған шаруашылық институты, яғни колхоздардың көмегімен Мәскеу жергілікті әлеуметтік құрылымдар мен байланыстарды әлсіретіп, болшевиктер ұзақ уақыт бойы бақылауға ала алмай отырған ауылдық жердегі Кеңес өкіметінің билігін күшейтіп алуға тырысты (Сара Кэмерон, 2018, 4 б.).

Сара Кэмерон еңбегінде Қазақстанда ашаршылық 1930 жылдың қысында, Кеңес Одағының басқа республикаларына қарағанда бір жыл бұрын басталды. Азық үшін көшпендіге айналған қазақтар малдарын сойып, ата қоныстарын тастап, ауа көшіп, босып кете бастады. Елдегі ашаршылық күшейген 1931-1933 жылдар аралығында Қазақстан Республикасынан 1,1 миллионнан астам адам ауа көшіп кетті, олардың басым көпшілігі – қазақтар екендігі жөнінде деректер келтіреді. Қайғылы оқиғаның 1,5 миллион құрбанының 1,3 миллионын қазақтар құрады. Ашаршылықтан барлық қазақтардың үштен бірінен астамы қырылып, нәубет салдарынан мемлекетті құраушы қазақ ұлты өз республикаларында азшылыққа айналғандығы туралы мәліметтер бар.

Профессор Б. Аяған ата қоныстарынан ауа көшіп, босқан қазақтардың жағдайына қатысты: 1931 жылдың күзінен бастап Ресейдің Қазақстанмен шекаралас облыстарының аумағына аш қазақ халқының босқан қалың легі ағыла баста-

ды. Жаппай қоныс аудару ұжымдық наразылық пен колхоздастыру саясатына қарсы тұрудың бір түрі және аштықтан құтылудың жалғыз дұрыс жолы болғанын айтады (Аяған және т. б., 2012: 228).

«Аштықтан қашқан» босқындар қайда кетті? Бірінші кезекте, олар Батыс Сібірдің бірнеше қазақ ауылдарына, өз отандастарына, жақын және алыс туыстарына барды. Бірақ Сібір ауылдары бірнеше жүз мың аш қазақтарды қабылдай алмады. Өйткені осы кезде оларда бай-құлақтарды тап ретінде жою науқаны жүріп жатқан болатын. Байлардың шаруашылығын тәркілеу, дауыс беру құқығынан айыру шараларын қолданып жатты. Босқындар есебінен Сібір қазақ ауылдарының халқы бірнеше есеге өсті. Аштыққа ұшыраған қоныс аударушылар өз қандастары тұратын қазақ ауылдарына қалайда тұрақтап қалудың амалын жасады. Жесірлер екінші, үшінші әйелдер ретінде тұрмысқа шықса, кейбіреулер жас қыздарын бойжеткен жастағы қыз деп жергілікті тұрғындарға тұрмысқа беріп, құда-жекжат болып қалды. Басқалары малшы, жалшы, үй қызметшісі ретінде жалданып, тұрақтап қалуға тырысты. Көбісі соңғы алтын, күміс және басқа да зергерлік бұйымдарды нанға айырбастады. Босқындар тұрақтап қалған аймақ аумағында «қоныс аударушылар» қатарынан біртіндеп жаңа қоныстар – колхоздар құрылды. Мысалы, Омбы облысында Есілкөл (Исилькол) ауданында осылайша «Бақабас» ауыл – колхозы құрылған. Борисовскіде – «Наймандар», Любинскіде (Горький) – «Бельсенді» және т.б. колхоздар құрылған. Мұндай жаңа фермалардың халқы Қазақстаннан келген босқын жерлестерін өздерінің шаруашылықтарына құшақ жая қабылдаған. Босқындар есебінен колхоз халқы тез көбейген.

Ашаршылықтан Ресейге ауа көшкен қазақ босқындарының жұмыс тапқан негізгі қалалары – Новосибирск, Омбы, Барнаул болды. Кузбасқа барған қазақ көшпелілері Кемеров, Сталинск, Ленинск-Кузнецк, Киселевск, Прокопьевск шахталарына жалданып, Татарск, Барабинск, Рубцовск, Славгородқа теміржол арқылы жетуге тырысты. Бірнеше ондаған мың босқындар аймақтың тау-кен кәсіпорындарында қара жұмысшы болды. Бірақ 1930-1932 жылдары кәсіпорындар Қазақстандағы аштық салдарынан босқындардың тым көптігінен оларды жұмысқа ала алмады. 1932 жылдың басында Орта Еділде Қазақстаннан барған 50 000-ға жуық босқын болды. Бұл босқындар негізінен Батыс

Қазақстанның Ақтөбе мен Орал өңірлерінен барғандар. 1932 жылы 23 ақпанда 200-ге жуық босқындар Илецк және Орынбор станцияларын әртүрлі жұқпалы аурулардан зардап шеккендер паналаған.

Оңтүстік шекараларда босқындар толқыны көрші Қырғызстанға бет алды, онда 1930-1933 жылдары шамамен 100 000 адам болды. 1932 жылдың бірінші жартысында Алматы округінің әкімшілігі Қырғызстанның солтүстігіне 7300 отбасының (35000-40000 адам) кетуін тіркеді. Округ басшылығы өз халқының Қырғызстанның солтүстік бөлігіне, Талас пен Шу алқабына қашып кетулерін айыптады, бұл босқындардың көпшілігі Оңтүстік Жетісудағы Ұлы жүз руларының шопандары жайлайтын қоныстан кеткендер, ал Тарбағатай мен Жоңғар Алатауы жотасының малшылары қоныстарын тастап Қытайға көшкен, деп болжайды. Орта Еділдегідей, босқындарды қайтару әрекеттері оларды қабылдауға тиісті ұйымның жоқтығынан сәтті болмады, дегенмен бұл проблемалар қоныстану комитетінің басшылығына белгілі болды. Басқа елге ауа көшу 1933 жылға дейін созылды, сол кезде қазақтардың бір бөлігі Орта Азияда: Қарақалпақстанда, Өзбекстанның оңтүстігінде Кашка-Дарья ауданында, Тәжікстанда, ал 1929-1930 жылдары ауа көшкен қазақтар легі Түрікменстанға барды. Ал Иран мен Ауғанстанға ұжымдастыру және отырықшыландыру кезеңінде 5000-ға жуық қазақ шаруашылығы ауа көшіп барған. Ауғанстан мен Иранға ауа көшкен босқын қазақтардың қоныс аударуы ол елдерге барудың жол қиындығымен қатар жолдың қашықтығына және КСРО-ның оңтүстік шекараларын әскерилердің қорғауының күшеюіне байланысты ол елдерге «көшіп бару» жаппай сипатта болған жоқ.

1931 жылы егіннің шықпай қалуынан туындаған көші-қон толқынының екінші кезеңі Қазақстанның ауыл халқының 300 000-нан астам отбасының Қазақстан ішінде, сондай-ақ көршілес республикалардағы қалаларға және күн көріске жағдай бар деген өңірлерге жұмыс іздеп босып кетті. Шын мәнінде, 1931 жылдың күзінде басталған ауа көшкен босқындар көші-қоны әлдеқайда көп адамды қамтыды.

«Неткен тәтті ең быламық, жей алмадық жыладық», деген зар заманды бастан кешкен қазақ халқы ұлт ретінде жойылмаудың амалын іздеп ауа көшіп босқан халықтың тағдыр тәлкегінің ақиқаты осындай болған.

## Материалдар мен әдістер

Ашаршылық жылдарындағы ауа көшкен босқындар тарихының объективті және субъективті себептері бар. Объективтік себептерге халықты ашаршылыққа ұрындырған жұт, қуаңшылықтан қазқтың малдан айырылуы. Егінің шықпай қалуы жатады. Субъективтік себептерге ең бастысы большевиктердің көсемдерінің бұқара қара халықтан шыққан әлеуметтік топ өкілдері – байларды тап ретінде жою, дін өкілдері ишан-молдаларды тап жауларының элементтері санатына қосып қудалаулары, орта шаруаларды байлар санатына қосып мал-мүліктерін тәркілеп жер аударулары, әсіресе шаруаларға қарсы антигумандық, озбырлық саясаттары жатады.

Мақаланы жазуда ғылыми шынайылық, тарихи, салыстыру, деректер қорын жүйелеу, талдау, қорыту, т.б. әдістер қолданылды.

Зерттеудің деректік базасына архив деректері мен дала материалдары, соның ішінде ҚР Атырау МОА. 31-қор., 1-тіркеу., 79- іс. (АтМОА, 31:1), ҚР Маңғыстау МОА. 17-қор., 20-тіркеу., 2-іс. (ММОА, 17:20), «Тұрар Рысқұловтың Сталинге 1933 жылғы 5 наурыздағы Қазақстандағы ашаршылық туралы хаты» (ҚР Президентінің Архиві, 141:1:6403.), «Тобанияз» мұрағат құжаттар жинағы (Тобанияз, 2016: 269), «Жаралы жылдар» мұрағат құжаттар жинағы (Жаралы жылдар, 2016: 300), «Голод в СССР. 1929-1934. В 3 т. Т.1: 1929 – июль 1932: В 2 кн. Кн. 1. / Отв. составитель В.В. Кондрашин. М.: МФД, 2011. 656 с. (Россия. XX век. Документы), «Голод в СССР. 1929-1934. В 3 т. Т.1: 1929 – июль 1932: В 2 кн. Кн. 2. / Отв. составитель В.В. Кондрашин. М.: МФД, 2011. 560 с. (Россия. XX век. Документы), «Голод в СССР. 1929-1934. В 3 т. Т.2: Июль 1932 – июль 1933: / Отв. составитель В.В. Кондрашин. М.: МФД, 2012. 912 с. (Россия. XX век. Документы)», «Голод в СССР. 1929-1934. Т 3: Лето 1933 –1934 гг. / Отв. составитель В.В. Кондрашин. М.: МФД, 2013. 960 с. (Россия. XX век. Документы)», «Ашаршылық. Голод 1928-1934. Құжаттық хроника. 1932-1934 жж. Құжаттар жинағы (Ашаршылық. Голод 1928-1934. Документальная хроника. Сб. Док. Т.3.: 1932-1934 гг. / Отв. редактор Б. Әбдіғалиұлы. Алматы, Атамұра, 2021. 1032 с.) және т.б. деректі құжаттар пайдаланылды.

Қазіргі Отандық тарихы ғылымында Кеңестік тәркілеу саясаты кезіндегі малымен елден көшіп кеткен байлар тарихы, қуғынға ұшыраған дін өкілдері ишан-молдалар тарихы, Қазақстандағы

ашаршылық, жұт, босқындар тарихына қатысты тарихымыз жаңа зерттеулермен толығуда. Зерттеулер тәуелсіз елдің тарихы тұрғысынан сараланған теориялық методологиялық тұрғыда зерттелумен құндыланып толығуда. Дегенмен іргелі кешенді зерттеулер әлі өз кезегін күтуде.

## Нәтижелер мен талдаулар

1931-1933 жылдардағы ашаршылық тарихының зерттелуінің тарихнамасын екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, Кеңес өкіметі билігі тұсындағы зерттеулер. 1965 жылдардан бастап зерттеле бастағанына Кеңестер Одағындағы коллективтендіру тарихының маманы В.П. Даниловтың «Коллективизация сельского хозяйства» аталатын, 16 томдық «Советская историческая энциклопедия» атты іргелі басылымда жарық көрген мақаласы дәлел. В. Даниловтың мақаласында: «... К сент. 1931 ... обстановка в деревне опять уходила. Это было связано ошибками в проведении хлебозаготовок. Для осн. зерновых р-нов 1931 был не урожайным, задание же по сдаче были выше, чем в высокоурожайном 1930. У колхозов часто изымался вес хлеба, включая семена. В деревнях ряде р-нов страны сложилось крайне тяжелое продовольств. положение Но Сталин продолжал настаивать на выполнении плана заготовок и экспорта хлеба... На практике началось фарсированное обобществление скота колхозников Наиболее серьезные перегибы были допущены в Казахстане...» (Советская историческая энциклопедия, 1965:492-493). Автор өзінің еңбегінде Қазақстандағы аш босқындар туралы да мәліметтерді қарастырған (Советская историческая энциклопедия, 1965: 495-496).

1970 жылдары Қазақстандағы 1931-1933 жж. ашаршылық туралы еңбектер жазған қазақстандық ғалымдар да болды. Кеңес дәуірінің тарихшы ғалымы Ж. Жұмабековтің 1973 жылы баспадан жарық көрген «Ленинской дорогой. Руководство КПСС вовлечением трудового крестьянства Казахстана в строительстве социализма» тақырыбына жазылған іргелі зерттеу докторлық монографиясында Қазақстандағы 1931-1933 жж. ашаршылық пен оның себептері туралы: «... живодноводству был нанесен тяжелый урон, особенно в районах Центрального Казахстана. Так по сравнению с 1928 г. поголовье скота к 1933 г. сократилось по верблюдам – на 9,3 процента, лошадыам – на 87,9, овцам и козам – на 87,7 и по крупному рогатому скоту – на 78,5. Поскольку в кочевых и полукочевых райо-

нах главным источником существования аульного населения являлось животноводческие продукты, значительное сокращение поголовья скота резко ухудшило материальное положение трудящихся аула. К этому прибавился недород 1931 г. захвативший значительную часть территории республики, в особенности хлебобобовые северные и западные ее районы. В результате население животноводческих и ряда оседло-земледельческих районов испытывало продовольственные затруднения, повлекшие местами голод и гибель многих людей аулах. Особенно тяжело была зима 1932/33». (Жумабеков, 1973: 200-201) Азық-түлік тапшылығынан көптеген ауыл адамдарының аштықтан қаза болғанын жазды.

Сонымен қатар Ж. Жумабековтің зерттеуінде, 1931-1933 жж. ашаршылықтан ауа көшіп босқан босқындардың есебі жөніндегі мәліметтердің біздің зерттеу тақырыбымыз бойынша деректілігі құнды. Босқындар есебі жөнінде: «Откачевками охвачен 71 район Казахстана, в том числе 50 кочевых и полукочевых и 21 оседло-земледельческий. Здесь в 1931 г. проживало примерно 52,5 процента населения Казахстана, 83 процента казахов республики... Некоторые источники сообщают, что в 1931 г. откочевало 45 тысяч, а в 1932 г. – 90 тысяч хозяйств. В одном из официальных провительственных документов, подписанных председателем СНК КазССР У.Исаевым 11 мая 1932 г., отмечалось, что уменьшение количество хозяйств за счет откаченок составляет примерно 300 тысяч, а в письме Т.Рыскулова И.В. Сталину, датированном 29 сентября 1932 г. подчеркивалось, что вне своих районов качуют «половина казахских хозяйств. Хотя и в меньших размерах откачки продолжались и в первой половине 1933 г. ...» (Жумабеков, 1973:201).

Бір айтатын мәселе, 1935 жылға дейін босқындар елге оралған кезден бастап, 1965 жылға дейін, яғни 30 жыл бойы ашаршылық пен босқындар тарихы зерттелмеді десек болады. Оның себебі мынадай, Кеңес өкіметі тарапынан ашаршылық пен босқындар тарихын зерттеуге арнайы заңмен тыйым салынбағанымен, мерзімдік баспасөздерде жарияланатын мақалалар, баспаханалардан шығатын оқулықтар мен ғылыми еңбектер, монографиялар барлығын арнайы тексерістен өткізетін цензура болды. Оған жауапты арнайы қызметкерлер жұмыс істеді. Коммунистік партияға, социалистік қоғам құрылысына жат пікір мен көзқарастағы мақалалар мен кітаптарды шығаруға тыйым сал-

ды. Немесе белгілі бір бөлімдер, тараулар алып тасталынып жарияланатын болған.

XX ғ. 60-70 жж. бастап ашаршылық мәселесі зерттеле бастауының себебіне келетін болсақ, ашаршылық қырғынына Сталиннің жеке басына табынуының салдары мен Голощекиннің жеке басының қателігі саналды. Халық танымы бойынша, Қазақстан халқын аштық қырғынына ұшыратқан қателігі үшін, Голощекин өлім жазасына кесілді. Ашаршылық қырғынына Коммунистік партияның саясатының кінәсі жоқ. «Ауруын жасырған өледі», деген халқымызда дана сөз бар. Халқына қарсы антигумандық саясат жүргізген Коммунистік партияның да ғұмыры ұзақ болмады. Әлемдегі КСРО аталған алып қызыл империя Кеңестік өкімет өз ішінен күйреп 70 жыл ғана өмір сүріп құлады.

Коммунистік партияның саясаты тұсындағы аштықтың себебі мен салдарына келсек, біріншіден, 1928-1930-шы жылдары (негізінен) үдемелі индустрияландыру, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясаты күштеп жүргізілді. Қазақстанда Кеңес өкіметінің бұл терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістері бай шаруашылықтарын тәркілеумен (1928 ж.), ауқатты шаруалар мен кулақтарын тап ретінде жоюдан басталды.

1931-1933 жылдардағы ашаршылық тарихының зерттелуінің екінші кезеңі Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін басталды. Қазақстандағы ашаршылық пен босқындар тарихын зерттеу тың серпін алды. Оған профессор Талас Омарбековтің Ресей архивтерінің құжаттарын ғылыми айналымға түсірген (Омарбеков, 1997, 320) еңбегі куә. Талас Омарбековтің зерттеуінше, Қазақстандағы 1930 жылдардағы ашаршылықтың басты себебі – ет дайындау кампаниясын жүргізу болды. «1924 жылы коммунистік партияның ХІҮ съезінде елде индустрияландыру саясатын жүзеге асыруға шешім қабылдады. Ресейде жаңа зауыт-фабрикалар салу көзделді. Өйткені батыстағы бақталас капиталистік елдерді қуып-жеткісі келіп, осы индустрияландыру саясатын қолға алды. Бұл саясат 5 жыл бойы жүргізілді. Алдымен Ресейдің еуропалық бөлігінде жүргізілді. Автордың пайымынша: «...компартия шеткері аймақтарға ешқашан сенген емес. Оларда жұмыс күші жоқ, маман жұмысы жоқ», деп ойлады. Сөйтіп, «ДнепроГЭС», «Сталинград трактор зауыты» сияқты ірі-ірі зауыттарды салды, бірақ ол зауыттарға шикізатты, руданы Қазақстаннан, Оралдан, Сібірден тасыды», ең бастысы – осы зауыт-фабрикаларда жұмыс істеп жүрген адам-

дарды етпен қамтамасыз ету қажеттілігі туындады. Жұмысшыларды етпен қамтамасыз етуді шешу үшін, Қазақстанға ет дайындайтын акционерлік қоғамдар жіберілген (Омарбеков, 2018). «Осы қоғамдардың өкілдері Қазақстанға келіп, 1928 жылдан бастап қатты жұмыс істеді. Содан Қазақстанда туған кез келген бұзауды контракцияға отырғызды, яғни қазақ шаруасы бұзауды 12 айлыққа дейін сақтауға міндеттелді. Құнажын (3 жастағы мал атауы. – авт.) болған соң оны етке өткізуі тиіс. Осының салдарынан малдың басы күрт кеміп кетті. 1930 жылдан 1933 жылға дейін 40 миллион бас малдан төрт миллионы ғана қалды. Соның 15 миллионы орталыққа, яғни Ресейдегі қалаларға жеткізілді, ал қалған тоғыз миллионы ғана Қазақстан ішінде ішкі тұтынуға қалды. Міне, осылайша жартылай көшпелі халықтан малды сыпырып алды». Малдан айырылған қазақ отырықшыға айналып, ашаршылыққа душар болды (Омарбеков, 2018).

Ашаршылық жылдары Қырғызстанға ауа көшіп барған қазақтардың тарихын зерттеулердің қиындығы мен жайы туралы әріптесіміз профессор З. Курманов: «О помощи Киргизской АССР казахским беженцам – «откочевникам» – как их называли в официальных документах той поры, чтобы не бросить тень на советскую систему, допустившую массовый голод в мирное время, породивший многомиллионное беженство, в научный оборот по Кыргызстану введено пока очень мало источников. Из-за засекреченности темы интересующую информацию можно получить из материалов карательных органов, переписей населения 1926 и 1937 гг., переписки между партийно-советскими руководителями. Интересные сведения о Голодоморе содержатся в дневниках председателя Совнаркома Киргизской АССР Ю. Абдрахманова, где приводятся его личные откровения и оценки политики, руководителей партии и правительства, настроений населения и т. д. А там, где документы засекречены, всегда рождается множество мифов, слухов, предположений, небылиц. История угнетенных народов в советской историографии рассматривалась как история бесконечных страданий и вымирания. Только советская власть избавила их от гибели и открыла перед ними историческую перспективу. Естественно, что при такой исторической концепции в такой счастливой стране, как СССР, не могло быть голода, нищеты, людоедства, коррупции, организованной преступности, оппозиции и многих других негативных явлений. А если эти явления и были, в этом были виноваты империалисты, угнетатели, враги народа,

вредители, попы, муллы, шпионы и т. д. Эта “идеологическая жвачка” неистребима в сознании постсоветских людей до сих пор», – дейді (Курманов, 2021:181).

Профессор З.Курманов дерегінше ашаршылық жылдары сыртқа ауа көшкен қазақтардың саны 1,2 млн. Численность людских потерь удалось определить путем сравнения данных всесоюзных переписей населения 1926 и 1937 гг. Более 1,2 млн казахов бежало в сопредельные регионы и государства (Кыргызстан, Сибирь, Китай, Афганистан, Монголию, Иран и др.) (Курманов, 2021:182).

Маңғыстау өңіріндегі ашаршылық пен босқыншылық Қазақстанның өзге өңірлеріне қарағанда екі жылға ерте басталды. Бұл пікірімізді Маңғыстау мемлекеттік архивінің қорындағы деректер айғақтайды. Деректе өңірдегі 1928 жылғы ашаршылықта Маңғыстаудан Ресейге қарасты Астрахан облысына жұмыс іздеп кеткен босқындардың тізімі тіркелген. Ол жөнінде архив құжатында:

Список

Голадающих казахов, отправляется в город Астрахан по поиску заработка. 4. 08. 1928 г.

Бектлеуов Кеган.  
Жубанов Едиль.  
Денбаев Жумабай.  
Кызылов Аймак.  
Косбатыров Айтбай.

Председатель Комиссии по борьбе с голодом:  
И. Зиятбеуов. (КР ММОА, 17:20).

Архив құжатынан 1928 жылдың 4 маусымында жазылған жұмыс іздеп басқа өңірге кеткен адамдардың тізімі жасалып, оған аштыққа қарсы күрес комиссиясының төрағасының аты жөні жазылып тіркелген құжаттан, жұмыс іздеп босқан аш адамдардың Ресейдің Қазақстанмен іргелес Астрахан қаласына жұмыс іздеп 1928 жылы кете бастағанын дәлелдейді. Мұнан шығатын қорытынды, біріншіден, Маңғыстау өңірінде 1928 жылдың өзінде елде аштық күшейіп, аштықтан адамдардың көрші мемлекеттерге жұмыс іздеп босқан откочевниктердің (босқындардың) болғанын көреміз. Екіншіден, 1928 жылы Батыс Қазақстан өңірінен Маңғыстауға іргелес Түрікменстан Республикасына, Қарақалпақстан әрісі Өзбекстан, Тәжікстан жеріне дейін ауа көшкен «откочевниктер» көшпелі қазақтар қашып барған. Совет өкіметінің қазақ байларын конфискациялаудан жер ауып қашқан қазақтар ғана емес, Маңғыстау

өңірін жайлаған аштықтан, жан сауғалап, босып ауа көшкен аш құрсақ қазақтардың да болғанына көз жеткіземіз.

Т. Омарбеков дерегінше, 1930 жылы көшіп кету қозғалысымен 34 977 қожалық қамтылды. 1931 жылы 45 000 шаруашылық көше бастады.

Айта кету керек, ауа көшкендер қожалығында өлкенің өз ішінде қоныс аударғандар мен сыртқа көшкендер саны қамтылған. Орта есеппен 1931 босқындар жолына түскен қазақ шаруаларының жалпы саны 225 000 адамды құраған (Омарбеков, 1997: 257).

**1-кесте** – Қазақ босқындарының барған жерлері мен қожалық саны (Омарбеков, 1997: 258)

№	Босқындар барған жерлер	Босқын қожалықтары	Олардағы мал басы
1	Өзбекстан	3436	187909
2	Түрікменстан	7371	319725
3	Тәжікстан	1767	88350
4	Қырғызстан Республикасы	1031	33595
5	Қарақалпақ автономиялы облысы	2355	112621
6	Төменгі Волга өлкесіне	2562	13797
7	Сібір өлкесі	2100	27348
8	Украина	901	6652
9	РСФСР-дің қалған бөліктеріне	13511	100801
10	Қытайға	563	2276
Барлығы:		35597	893074

Кестеден қазақ босқындарының негізінен Ресей мен Орта Азия республикаларына қоныс аударғаны көрінеді. Бұл 1930-1931 жылдары елдегі азық-түлік дағдарысы тым қатты болғанын көрсетеді. Қазақстандағы дағдарыс Мәскеу билігінің бақылауынан шықты. Кестеде мал басына қатысты алдымен босқындар қоныс аудару кезінде мал мен мүлікті өздерімен бірге алып кетті, содан кейін босқындарда мал мен мүлік болмады.

Архив деректері бойынша, Орта Азияға ауа көшкен қазақтардың көші-қонының бірінші кезеңі; Маңғыстау өңірінің қазақтарының Түрікменстанға, Қарақалпақстанға, Астраханға 1928 жылдан бастап көшулерінен басталған, екінші кезеңі 1932 жылдан жалғасқан. Орта Азияға көшіп барған қазақтардың көпшілігі шаруашылықтарға орналаспаған. Қазақтар жер ауып көшіп барған аудандарда қазақ көші-қонын орналастыру мәселесімен биліктің құзырлы орындары айналыспады. Бір ғана Тәжікстанның Қорғантөбе ауданына барған 500 000 қазақ көшінің шаруашылығымен мақта колхоздары мен түйелері бар қазақтардан транспорт артелдері ұйымдастырылған. Шилікөл, Пяндже жерінде қазақтардың 3500 шаруашылықтарынан құралған мақта егумен айналысатын 9 колхоз тыңнан құралған.

Қазақтардың көші-қонынан құралған колхозшылар ұжымы мемлекет тарапынан тиесілі көмек көрсетілген жағдай да қолдарындағы өздерінің малдарымен отандарына оралу ниеттері барын білдірген. Өйткені малымен көшіп барған қазақтардың жеке малдары колхоз ұжымына ортаққа қоғамдастырылған болатын. Сонымен қатар өздерінің қолдарында да жеке ұстап отырған төрт түлік малдары болды. Колхоздың адамдары тек қана қазақ ұлтынан құралған бірінғай қазақтар болды. Олар Қазақстанға көшетін болса, Тәжікстан үкіметі түрлі айла, әдістермен қазақтардың малдарын колхоз меншігіне алып қалатындарынан үрейленген. Сол себептен кері ата мекендеріне көшкен жағдайда малдарын алып кетулеріне Тәжікстан Үкімет тарапынан құзырлы мемлекеттік органдарының кепілдік берулерін сұраған (Ижанов, 2016: 275).

1932 жылдың 2 қыркүйек күні архив қорына тіркелген мәліметте: Қазақстаннан жаппай қашып ауа көшкен қазақтарды өз елдеріне кері қайтару және бұрынғай шаруашылықтарын қалпына келтіру үшін Үкімет тарапынан мемлекеттік комиссия құрылған (Ашаршылық, 2021: 316).

Аштықтан жұмыс іздеп, бір үзім нан іздеп ауа көшкен босқындардың елге кері оралу көшінің



ағыны тамыз айынан бастап күшейе түскен және 15 сентябрьге дейін 5879 адам келген. Баспана мен азық-түліктің жоқтығы аштан өлуге әкеліп соқтырды. Аудан бойынша қайтарылғандарды азық-түлікпен қамтамасыз ету және оларды жұмысқа орналастыру үшін бір қатар шараларды жүзеге асыру туралы шешім қабылданды. Елге кері оралған ақтөбелік 2353 адам жұмысқа тартылған.

Азық-түлік көмегін көрсету және өндірістік тауарлармен қамтамасыз ету уақытылы жүзеге аспады. Мысалы, қазан, қараша айындағы азық-түлік көмегі желтоқсан айының басында жеткізілді. Бұл азық-түлік көмегі мұқтаж адамдарға тек желтоқсан айында берілген. Желтоқсан айының азық-түлік көмегі 1934 жылдың қаңтарында ғана берілген. Осындай келеңсіздік пен жауапсыздықтың салдарынан қазан, қараша айларында № 14,15,16,7 және 24 ауылда ашаршылықтан өлім-жітім орын алған (ҚР АқтөбеОМА 13-қор, 2-тізбе, 42-іс).

Атырау өңіріне кері оралған босқындардың қиын жағдайлары туралы деректер архив құжаттарында бар (ҚР Атырау МОА, 31:1).

Ата қонысына оралған босқындардың елге келгеннен кейінгі жағдайлары түзелмеген, жергілікті билік тарапынан көмек көрсетілмеген. Аштықтан келген ажалдан қайтыс болған жандардың азапты өлімдері туралы архив құжаттарында хатталған. Сондай бір құжаттың көшірмесін келтіруді жөн көрдік.

Секретно

Председателю Гурьевской ОкрКК  
тов.Сарбаеву

По имеющимся сведениям в КрайКК в Ульяновском аулсовете Жилкосинского района зарегистрирован ряд смертных случаев и опухания продзатруднений возвращенцев.

Возвращенец Бурзаев не получая продпомощи в течение 2 месяцев распродал все вещи и в ноябре умер вместе с сыном, жена его лежит опухшая.

По поручению тов. Егорова прошу срочно сообщить, что вами предпринято.

Секретарь През. КрайКК Ахинжанов.

Дерек көзі: Атырау МОА. 31-қор., 1-тіркеу., 79-іс., 46 парак

Ата қонысына оралған босқындардың елге келгеннен кейінгі жағдайлары түзелмеген, жергілікті билік тарапынан көмек көрсетілмеген. Тек қана аштардың аты-жөндерін тіркеп, жайкүйлерін хаттағаннан басқа көмектің болмағандығын аштықтан қайтыс болған адамдарға

қатысты жайды архив құжаттарынан көруге болады.

Тәжікстанға ауа көшіп қоныс аударған қазақтардың Отанына оралғысы келген өз себебі бар болатын. Өзге елге қоныс аударып барған қазақтарға барған жерлеріне үйреніп, бейімделуінің де қиындықтары болды. Архив қорларында, қазақтардың жаңа жердегі көрген қиындықтары туралы деректер сақталған. Қазақтардың құқын таптаған жайлар туралы архив дерегінде: «... Бывали случаи задержки скота у переселенцев личного пользования. В Средней Азии, особенно цепляется за верблюда, правда с трудом, но все же отправлялись гужевым путем, транспортом артелей, с верблюдами до 90 голов не связанных договорами перед организацией. Вообще когда встечаются казах с верблюдом, с ишаком, то на этом деле (особенно в базарный день) греют руки жулики – узбеки. Обязательно его задерживают и признают его верблюда или ишака своим, потерявшимися год или полтара назад, и быстро находится свидетели, затевается скандал-драка. И наконец, при помощи милиционеров – узбеков скот передается узбеку, а казаха еще в добавок оштрафуют на 100 рублей за не имение паспорта, а за все эти махинации хорошие помощники получают денежные «вознаграждение» (взятку) (Ижанов, 2016:276). Келесі деректе: 1935 жылдың желтоқсан айының 7 жұлдызындағы Көші-қон және қоныстандыру бөлімінің инспектор Агжановтың Көші-қон және қоныстандыру бөлімінің бастығына жазған баянатында (Докладная записка): «Қазақ откочевниктеріне баспа және қылмыстық қарым-қатынастың мұндай фактілері көп, бірақ аудандық құқық қорғау жүйесінің құзырлы ұйымдар ешқандай жұмыс, ешқандай күрес жүргізбейтіндігі ашық айтылған (Ижанов, 2016:280). Осы деректің өзі Орта Азияға көшіп барған қазақтардың жаңа жерге бейімделудегі тұрмыс тіршіліктегі көрген қиындықтарына қатысты көптеген мән жайды аңғартады.

Архив құжаттарында Қазақстанның өз ішіндегі өңірлерге ауа көшкен шаруашылықтардың саны мен көшулерінің себебі айтылады: «... На территории быв. Гурьевского окр., в части Уральского отмечаются факты массовых уключков за пределы округов по причинам недостатка кормов и продовольствия. Размеры внутренних откочевок за осенний период характеризуются следующими данными: по неполным сведениям на 15 ноября, из Уральского окр. уключивало в районы других округов до 10 тыс. хозяйств, в

числе которых до 60 % середняцких и бедняцких. Особенно поражены откочевками Кара-Тюбинский, Таловский, Лбищенский и Челкарский районы» (Голод в СССР, 2011:333).

Батыс Қазақстан облыстарынан «жұт» болған жылы ата қоныстарынан ауа көшкен шаруашылықтардың саны мен көшушілердің әлеуметтік тобы туралы деректе: ... Отмечено, что с территории указанного округа кулаки и баи кочуют больше всего в Ташкентский, Алма-Атинский и Сыр-Дарьинский окр., меньше на Украину, и часть бежит с места постоянного жительства на производство, в совхозы и другие предприятия. В Караспанском р. быв. Сыр-Дарьинского окр. под руководством байства уковчвало в Узбекистан 80 хозяйств. По районам быв. Сыр-Дарьинского окр. за октябрь мес. бежало в неизвестном направлении 400 байско-кулацких хозяйств. В Токраусском р. быв. Каркаралинского окр. уковчвали 20 кибиток, подготавливаются к уковчвке 100. Аналогичные факты отмечены в Четском, Кувском и других районах. Из местности «Актюба» быв. Гурьевского окр. уковчвало по мотивам отсутствия кормов и продовольствия 500 хозяйств, которые имеют целью пробраться в Туркестан. Там же по тем же причинам откочевали в неизвестном направлении 100 хозяйств. Сведений о мероприятиях райпарторганизаций нет (Голод в СССР, 2011: 333).

Шекара қызметінің берген мәліметтері бойынша Қырғыз, Қытай жеріне ауа көшкен қазақ кедей-шаруалар қосынының көшу себептерін бай-құлақтардың оларды азғыруынан болғанын көрсетеді. Коммунистік солақай саясатының салқынының себебін көрсетпеу үшін, бай-құлақтарға кінә артулары болатын. Шын мәнінде айтылмаған ақиқаты басқаша еді. Құжатта: «... Откочевки из погранполосы в Китай. Уковчвки казахского населения в Китай и Киргизию из пограничных районов быв. Алма-Атинского и Семипалатинского окр., несмотря на целый ряд мероприятий по н[ашей] линии, до сего времени не утеряти своей остроты. Основными причинами уковчвок в Китай является также агитация байско-кулацкого элемента за уковчвки вследствие налогового нажима на него и нажима по хлебозаготовкам, а также влияния закордона, голое администрирование со стороны низовых работников в проведении важнейших мероприятий правительства, перегибы в отношении середняка-бедняка и т.д. Являясь организаторами уковчвок, байство увлекает за собой значительную часть бедноты и середнячества, однако точ-

ных данных, характеризующих наличие этих прослоек, пока нет. Особенностью массовых откочевок последнего периода является то, что в большинстве случаев уковчвки происходят под прикрытием вооруженных банд как местного, так и закордонного происхождения, и частично при явном содействии уковчвщикам со стороны китайских властей» (Голод в СССР, 2011:334).

Ашаршылық кезіндегі Қазақстаннан көшіп кеткендер мен кері оралғандарға қатысты зерттеулер авторлары: Ашаршылық жылдары миллионға жуық адам Қазақ АКСР-нен тыс жерлерге қоныс аударды, олардың 400 мыңға жуығы кері қайтқанын көрсетеді (Абылхожин., Козыбаев., Татимов, 1989).

Қазақстан Республикасының президенті Қасымжомарт Тоқаевтың әкесі Кемел Тоқаевтың нәубет жылдары әулетімен Қырғызстан жеріне барып жан сақтап қалғаны туралы естелік кітабында дерек бар. Онда: «...Кемел Тоқаев 1923 жылы 2 қазанда бұрынғы Талдықорған облысы, Қаратал ауданы, Қалпе ауылында дүниеге келген. Әкесі қарапайым шаруа адамы болған екен. Кемелдің отбасы ұжымдастыру кезінде ашаршылық орын алған 1932 жылы жан сақтап, Фрунзе қаласына барып паналайды. Ол жерде әкесі мен анасынан айырылып, қайғылы жағдайға душар болған Кемел мен ағасы Қасым жетімдер үйіне түсіп, тәрбиеленеді. Әкесінің өмірінде орын алған осы қайғылы жағдай жайында автор өз шығармасында былай жазады: «... Қасым терең күрсініспен: «Біз жарық дүниеде енді Кемел екеуіміз ғана қалдық. Егер маған бірдеңе болса, Кемел туған-туыссыз, қолдаусыз жалғыз өзі қалады», – дейді. Өкінішке қарай, оның айтқаны келеді. 9 жылдан соң Қасым Ұлы Отан соғысының ұрыс даласында қаза тапты». Кемелден үш жас үлкен Қасымның еті тірілігі, пысықтығы арқасында екеуі Шымкенттегі жетім балалар интернатына ауыстырылады. Интернатты бітірген соң Қасым 1939 жылы әскер қатарына шақырылып, 1942 жылы 22 ақпанда соғыс майданында қаза табады. Студент кезінде Қасым-Жомарт Тоқаев өз әкесінен өмірінің ең қиын кезеңі жайында сұрағанда, әкесі оған: «Мен үшін ең қиын сәт ағамның қайтыс болғаны туралы хабарды – «қарақағазды» алған сәтім», – деп жауап берген екен. Кітаптан біз Кемел Тоқаев өзінің жалғыз бауырының жарқын бейнесін өмір бойы жадында сақтап, қастерлеп өткендігін білеміз. Оның айғағы ретінде өзінің тұңғыш перзентіне ағасының атын қояды. Бұл жайында автор өзінің кітабында былай деп жазады: «Өзімнің есімім үшін мен тағдыр көруге

жазбаған көкеме қарыздармын. Ал Жомарт деп менің болмысымның жомарт әрі жан дүниесі кен үлкен азамат болуымды армандаған анам атады». Осылайша, Қазақстанның болашақ Президенті әкесінің өз ағасы Қасымның атын, ал анасының Жомарт деп ат қоюымен Қасым-Жомарт деген атқа ие болады (Баярисов, 2019). Нәубет жылдары тағдар тәлкегімен ауа көшіп Қырғызстанға барған Кемел Тоқаев Қырғызстанда он жыл тұрып, аман-есен отанына оралады.

Қырғызстанға босып барған қазақтарға қатысты профессор Шайыркүл Батырбаеваның дерегінше: «Вопросов по голоду 1930-х годов на территории Киргизской АССР, положения и смертности беженцев-казахов, оказания им помощи, больше чем ответов. Республика не могла дать казахам-беженцам много и спасти их всех. Хотя многим из беженцев удалось выжить, и они остались в республике: число казахов выросло с 1766 (перепись 1926 года) до 23925 (1939 г.)» (Э. Битикчи, 2017).

Аштық жылдары Қарақалпақстанға ауа көшкен қазақтар мәселесіне қатысты, 1934 жылы Халық комиссарлар кеңесінде қаралып, Қарақалпақстанға көшіп кеткен 7000 шаруашылықты Қазақстан жеріне кері көшіру туралы қаулы қабылданды. Қарақалпақ жерінен көшіп келгендер ұжымдастыру, аштық жылдары кеткен адамдар екенін деректер айғақтайды (Исенов, 2020).

### Қорытынды

Қорыта келе айтпағымыз, біріншіден, ашаршылық босқындарына қатысты қолданылған сөздің ұғымына келсек, кеңестік биліктегі жоғары лауазымды шенуніктер аштықтан босқан қазақтарды (беженцы) деп емес, «көшіп кеткендер» (откачевники) ұғымын қолданды, яғни, дағдарысты ұлттық дамудың «жоғары» деңгейіне отырықшылыққа бет алған әлеуметтік топтың ауыр да өтпелі кезеңі деп қарастырды. Осылай кеңестік солақай саясаттың өрескел қателігі мен биліктің жауапкершілігінен жалтару мақсатында «көшіп кеткендер» (откачевники) ұғымын қолданды.

Аштықтың құрсауына түскен халқымыз аштықтан аман қалу мен ұрпақтарын ашаршылық құрығынан құтқарудың амалы мәжбүрлі «қоныс аудару» екенін түсінді. Аштықтың азабын тартқан бұқара халыққа ауа көшіп босқаннан басқа жан сақтаудың амалын көрмеді.

Екіншіден, алғашқы көшкендер ірілі-ұсақты азғантай малдарын алып кетті. Соңғы қоныс аударғандар малсыз қара бастары балашағасымен жаяу босып көшкендер. Соңғыларын көшті деуге келмейді, бір үзім нан іздеп босып кеткен босқындар болды (Исенов, 2020).

Үшіншіден, 1931 жылдың күзінен бастап аш қазақ халқы Қазақстанмен шектесетін Ресей жеріне және Орта Азия аумағына қарай ағыла бастады.

Төртіншіден, архив деректері бойынша, ауыл халқының саны күрт азайған. Аштық жылдары көптеген ауылдар қаңырап бос қалды. Қалаға жұмыс іздеп барған, ауылдан кеткен аш адамдар есебінен қала халқы көбейген. 1933 жылдан бастап ата қонысына қайта оралған аштық босқындарының ата қонысына оралуларының есебінен ауыл тұрғындарының саны өсе бастаған.

Бесіншіден, жаппай қоныс аудару қазақтардың ұжымдық наразылық пен ұжымшар құру саясатына қарсылық білдіру формаларының бірі болды және аштықтан аман қалудың бірден-бір амалы болғандығын зерттеулер нәтижесінде дәлелденді.

Алтыншыдан, ескеретін бір мәселе, жаппай аштыққа қазақ халқы 1930 жылдардан бастап ұшыраған жоқ. Мәселен, Маңғыстау өңірінің халқы аштыққа бірінші болып, 1928 жылдың көктемінен бастап ұшырағанын бүгінгі зерттеулер (Құдайбергенова, Байдалы, 2021) дәлелдеп отыр. Жұттан мал қырылып, малдан айырылған адамдар аштық пен аурудан өлді, сондай-ақ, шетке нәпақа іздеп ауа көшті. Қазақстанның барлық өңірінде адамы жоқ қаңырап бос қалған ауылдар пайда болды. Қазақстаннан тысқары елдерге көшу, жаппай босқыншылық пен босқындардың кері оралу 1935 жылға дейін созылды. Олай болса, кеңестік биліктің байқұлақтарды тәркілеу саясатынан қашқан байлар мал-мүлкімен Түрікменстан, Қарақалпақстан, Өзбекстан, әрісі Иран, Ауған жеріне дейін жетсе, 1928 жылы аштыққа ұшыраған адай, табын руларының Түрікменстан мен Астраханға босып барғанын архив құжаттары айғақтайтынын ескеруіміз қажет.

*Мақала АР08856865-ОТ-20 «XX ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орта Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ көшпелілері: орналасуы мен бейімделуі» атты ғылыми жоба аясында дайындалды.*

## Әдебиеттер

- Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М., Татимов М.Б. Казахская трагедия // Вопросы истории. Москва. №7. 1989.
- Ашаршылық. Голод 1928-1934. Документальная хроника. Сб. док. Т.3: 1932-1934 / Отв. редактор Б.Әбдғалиұлы. Алматы, Атамұра, 2021. 1028 с.
- Аяган Б.Г., Кыдырлина Ж.У., Аунасова А., Кашкимбаев А.Н. и др. Правда о голоде 1932-1933 годов. Алматы, 2012. 454 с.
- Батырбаева Ш. Население Кыргызстана в 20–50-е годы XX века: историко-демографический анализ. Бишкек, 2005.
- Батырбаева Ш.Д. Демографические потери киргизского населения в годы голода в начале 30-х годов XX в. Известия Томского политехнического университета. 2004. Т. 307. № 6. 172–173 с.
- Баярисов Р. Әкенің ақ тілеуін өтеу парыз. Дата публикации: 12 июня 2019 г. <http://kemel-tokaev.kz/>
- Голод в СССР. 1929-1934. В 3 т. Т.1: 1929 – июль 1932: В 2 кн. Кн. 1. / Отв. составитель В.В. Кондрашин. М.: МФД, 2011. 656 с. (Россия. XX век. Документы)
- Голод в СССР. 1929-1934. В 3 т. Т.1: 1929 – июль 1932: В 2 кн. Кн. 2. / Отв. составитель В.В. Кондрашин. М.: МФД, 2011. 560 с. (Россия. XX век. Документы).
- Голод в СССР. 1929-1934. В 3 т. Т.2: Июль 1932 – июль 1933: / Отв. составитель В.В. Кондрашин. М.: МФД, 2012. 912 с. (Россия. XX век. Документы).
- Голод в СССР. 1929-1934. Т 3: Лето 1933 –1934 гг. / Отв. составитель В.В. Кондрашин. М.: МФД, 2013. 960 с. (Россия. XX век. Документы).
- Жумабеков Ж.Ж. Ленинской дорогой. Руководство КПСС вовлечением трудового крестьянства Казахстана в строительстве социализма. Алма-Ата: Казахстан, 1973. 286 с.
- Ижанов З. Тобанияз. / З. Ижанов. Алматы. Өлке баспасы, 2016. 280 б.
- Исенов Ө.И. Қазақстандағы 30-жылдардағы ашаршылық: қазақ халқының атамекеннен көшуі // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». № 4(24), 2020.<https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1585>
- Камерон Сара. Аштық жайлаған дала: ашаршылық, озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату. / Ағылшын тілінен аударған Сәуле Батаева, Зәуре Батаева. Итака: Cornell University Press, 2018. 304 б.
- Курманов З.К. Из истории дружбы и братства: борьба с казахским «ашаршылыком» в Кыргызстане. // Вестник КРСУ. 2021. Том 21. № 3. С. 181-189.
- Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: көмекші оқу құралы. Алматы Санат, 1997. 320 б.
- Омарбеков Т. Ашаршылықтың себебі мен салдары. Хронология // [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/asharshylyktyin-sebebi-men-saldaryi-hronologiya-345535/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/asharshylyktyin-sebebi-men-saldaryi-hronologiya-345535/) 31 май 2018 жыл.
- Седентеризации казахов СССР при Сталине. Коллективизация социальные изменения (1928-1945) / Изабел Огайон. Алматы: Санат, 2009. 365 с.
- Советская историческая энциклопедия: [В 16 т.]. Т. 7. Каракеев-Кошакер. Москва: Советская энциклопедия, 1965. 1022с.
- Элери Битикчи. Голод 1930-х годов: казахские беженцы и Киргизская АССР. Дата публикации: 8 ноябрь 2017 г. [https://kghistory.akipress.org/unews/un\\_post:9712](https://kghistory.akipress.org/unews/un_post:9712)

## References

- Abylhozhin Zh.B., Kozybaev M., Tatimov M.B. Kazhastanskaja tragedija [Kazakhstan tragedy] // Voprosy istorii. Moskva. №7. 1989. [in Russian]
- Asharshylyk. Golod 1928-1934. Dokumental'naja hronika [Asharshylyk. The famine of 1928-1934. Documentary chronicle]. Sb. dok. T.3.:1932-1934 / Отв. редактор В.Әбдғалиұлы. Алматы, Atamura, 2021. 1028 s. [in Russian]
- Ajagan B.G., Kydyralina Zh.U., Aunasova A., Kashkimbaev A.N. i dr. Pravda o golode 1932-1933 godov [The Truth about the Famine of 1932-1933]. Almaty, 2012. 454 s. [in Russian]
- Batyrbaeva Sh. Naselenie Kyrgyzstana v 20-50-e gody XX veka: istoriko-demograficheskij analiz [The population of Kyrgyzstan in the 20-50s of the twentieth century: historical and demographic analysis]. Bishkek, 2005. [in Russian]
- Batyrbaeva Sh.D. Demograficheskie poteri kirgizskogo naselenija v gody goloda v nachale 30-h godov XX v. [Demographic losses of the Kyrgyz population during the famine in the early 30s of the twentieth century] Izvestija Tomskogo politehnicheskogo universiteta. 2004. T. 307. № 6. 172–173 s. [in Russian]
- Bajarisov R. Akenin ak tileuin oteu paryz [Duty to fulfill the father's wish]. Data publikacii:12 ijun' 2019 g. <http://kemel-tokaev.kz/> [in Kazakh]
- Golod v SSSR. 1929-1934. [Famine in the USSR] V 3 t. Т.1: 1929 – ijul' 1932: V 2 kn. Кн. 1. / Отв. sostavitel' V.V. Kondrashin. М.: MFD, 2011. 656 s. (Rossija. HH vek. Dokumenty). [in Russian]
- Golod v SSSR. 1929-1934. [Famine in the USSR] V 3 t. Т.1: 1929 – ijul' 1932: V 2 kn. Кн. 2. / Отв. sostavitel' V.V. Kondrashin. М.: MFD, 2011. 560 s. (Rossija. HH vek. Dokumenty). [in Russian]
- Golod v SSSR. 1929-1934. [Famine in the USSR] V 3 t. Т.2: Ijul' 1932 – ijul' 1933: / Отв. sostavitel' V.V. Kondrashin. М.: MFD, 2012. 912 s. (Rossija. HH vek. Dokumenty). [in Russian]
- Golod v SSSR. 1929-1934. [Famine in the USSR] T 3: Leto 1933 –1934 gg. / Отв. sostavitel' V.V. Kondrashin. М.: MFD, 2013. 960 s. (Rossija. HH vek. Dokumenty). [in Russian]

Zhumabekov Zh.Zh. Leninskoj dorogoj. Rukovodstvo KPSS vovlecheniem trudovogo krest'janstva Kazahstana v stojtelstve socializma [Lenin Road. The leadership of the CPSU involving the working peasantry of Kazakhstan in the construction of socialism]. Alma-Ata: Kazahstan, 1973. 286 s. [in Russian]

Izhanov 3. Tobanijaz [Tobanijaz]. / Z. Izhanov. Almaty. Olke baspasy, 2016. 280 b. [in Kazakh]

Isenov O.I. Kazahstandagy 30-zhyldardagy asharshylyk: kazakh halkhynyn atamekenen koshui [Famine of the 30s in Kazakhstan: migration of the Kazakh people from their homeland] // Jelektronnyj nauchnyj zhurnal «edu.e-history.kz». № 4(24), 2020. <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1585> [in Kazakh]

Kameron Sara. Ashtyk zhajlagan dala: asharshylyk, ozbyrlyk zhane Kenestik Kazahstandy ornatu [The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan.]. / Agylyshyn tilinen audargan Saule Bataeva, Zaure Bataeva. Itaka : Cornell University Press, 2018. 304 b. [in Kazakh]

Kurmanov Z.K. Iz istorii druzhby i bratstva: bor'ba s kazahskim «asharshylykom» v Kyrgyzstane [From the history of friendship and brotherhood: the struggle against the Kazakh «asharshylyk» in Kyrgyzstan]. // Vestnik KRSU. 2021. Tom 21. № 3. S. 181-189. [in Russian]

Omarbekov T. 20-30 zhyldardagy Kazahstan kasireti [The tragedy of Kazakhstan in the 20-30s: textbook]: Komekshi oku kuraly. Almaty Sanat, 1997. 320 b. [in Kazakh]

Omarbekov T. Asharshylyktyн sebebi men saldary. Hronologiya [The cause and consequences of hunger. Chronology]. // [https://tengrinews.kz/kazahstan\\_news/asharshylyktyн-sebebi-men-saldary-hronologiya-345535/](https://tengrinews.kz/kazahstan_news/asharshylyktyн-sebebi-men-saldary-hronologiya-345535/) 31 maj 2018 zhyl. [in Kazakh]

Sedenterizacii kazahov SSSR pri Staline. Kollektivizacija social'nye izmeneniya (1928-1945) [Sedentarization of Kazakhs of the USSR under Stalin. Collectivization and social changes (1928-1945)] / Izabel Ogajon. Almaty: Sanat, 2009. 365 s. [in Russian]

Sovetskaja istoricheskaja jenciklopedija [Soviet Historical Encyclopedia]: [V 16 t.]. T. 7. Karakeev-Koshaker. Moskva: Sovetskaja jenciklopedija, 1965. 1022 s. [in Russian]

Jeleri Bitikchi. Golod 1930-h godov: kazahskie bezhency i Kirgizskaja ASSR [Famine of the 1930s: Kazakh refugees and the Kyrgyz ASSR]. Data publikacii: 8 nojabr' 2017 g. [https://kghistory.akipress.org/unews/un\\_post:9712](https://kghistory.akipress.org/unews/un_post:9712) [in Russian]